



Атырау облысы, Индер ауданындағы Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі

Жұмыстық оқу жоспары

2018-2021 оқу жылы

Білім беру коды мен бейіні: 0500000 – Қызмет көрсету, экономика және басқару
Мамандығы: 0508000- Тамақтандыруды ұйымдастыру
Біліктілігі: 0508022- Кондитер

Оқу мерзімі: 2 жыл 10 ай негізгі орта білім базасында

Оқу түрі: күндізгі

Оқыту тілі: қазақша

Жұмыстық оқу жоспарына түсініктеме

Жұмыстық оқу жоспары Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім стандарты (ҚР Үкіметінің 23.08.2012жылғы №1080 қаулысы) және ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысының талаптарына, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2016жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығына 303-қосымша, ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығының 49- қосымшасына сай үлгілік оқу жоспарына сәйкес және өзгерістерді ескере отырып, колледжде жалпы білім беру мен кәсіби даярлау мазмұнының құрылымын, циклдар, курстар , пәндер бойынша оқу уақытының көлемін ашады, оқу мерзімін реттейді.

Жұмыстық оқу жоспарында әрбір құрылымдық элемент үшін (жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер, емтихандар, консультация мен факультативтік сабақтар, жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, білім беру ұйымы анықтаған өндірістік оқыту және кәсіптік практика) оқу мерзіміне байланысты бөлінген оқу уақытының сағаттары көрсетілген.

Жұмыстық оқу жоспары бойынша білім алушылардың аудиториялық және аудиториядан тыс оқу жоспарын қосқанда 54 сағаттан аспайды. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 1 шілдеге дейін аяқталады. Каникул уақыты 11 аптаны құрайды, оның ішінде 2 апта қысқы емтихан сессиясынан кейін болады.

Жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес, жалпы білімдік пәндердің оқу уақыты және тізімі құрастырылған. **Қазақ тілі және әдебиеті пәні (160 сағат)**. Қазақ тілінде оқитын топтарда 60 % жалпы сағат көлемінен қазақ әдебиетін оқытуға беріледі және 40% - қазақ тілін оқытуға, ал орыс тілін оқитын топтарда қазақ тілін үйренуге 60% және қазақ әдебиетін оқытуға 40% болады.

Орыс тілі мен әдебиеті (160 сағат) қазақ тілінде оқитын топтарда жалпы сағат көлемінен 40% орыс әдебиетін оқуға және 60% орыс тілін үйренуге, ал орыс тілі топтарда 40% орыс тілін оқуға және 60% орыс әдебиетін оқуға беріледі.

Ағылшын тілі (112 сағат), Мемлекеттік стандарт бойынша бөлінген 72 сағатқа **ҚР Білім және ғылым министрлігінің техникалық және кәсіптік білім департаментінің № 13-2/33 15 шілде 2016 жылғы қатынас хатына сәйкес**, Алғашқы әскери дайындық пәнінің 40 сағаты қосылып, барлығы 112 сағат беріледі.

Қазақстан тарихы пәні – (116 сағат) Қазақстан тарихын үйретуді қарастырады және әлемдік бірлестікте Қазақстанның дамуының ролі және орны туралы мағлұматтар алады.

Дүние жүзі тарихы (52 сағат) дүние жүзінің тарихын оқытуға қарастырады және оқушыларға халықаралық жағдай туралы көріністі құрастыруға көмектеседі.

Қоғамтану (58 сағат) адамның қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғаммен өзара қарым- қатынасын түсінуге мүмкіндік береді.

Математика (144 сағат) информатика (72сағат), физика (144 сағат), химия (78 сағат), биология (56 сағат), география (40 сағат) бұл пәндер бойынша оқыту уақытының көлемі мамандықтар мен білім профилі есебінен анықталады.

Дене тәрбиесі сабағы міндетті болып табылады және аптасына 4 сағат жүргізіледі. Курс біткеннен кейін қосымша сағат бөлінбестен, емтихан өткізіледі.

Алғашқы әскери дайындық (100 сағат) көлемінде аптасына 2 сағат көлемінде өткізіледі, оның ішінде 36 сағат жазғы оқу – лагерлік жиынында өткізіледі. ҚР Білім және ғылым министрлігінің техникалық және кәсіптік білім департаментінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 13-2/33 қатынас хатына сәйкес бұрынғы 140 сағат 100 сағат болып өткізіледі.

Жалпы гуманитарлық пәндерге Кәсіби орыс тілі-48 сағ, кәсіби ағылшын тілі-48 сағ, кәсіби дене тәрбиесі-52 сағат бөлінген. Бұл пәндерді оқыту өздерінің кәсіби қызметі саласындағы жұмысы үшін, мемлекеттік тілде қарым- қатынас жасауға, мамандық бойынша термин сөздерді меңгеруді қамтамасыз етеді.

Жалпы кәсіптік пәндер: Тамақтану кәсіпорнының экономикасы(48 сағат), Психология және кәсіптік әрекеттер әдебі (24 сағат), Стандарттау, сертификаттау және метрология негіздері (24 сағат), Тамақтану физиологиясы, санитария және гигиена негіздері (32 сағат), Сурет және жабыстыру (36 сағат), Сауда есебі (36 сағат) . Бұл пәндерді игеру барысында білім алушылар базалық білім және іскерлігін қалыптастырады, барлық құбылыстар мен процестерді толық игере отырып, кәсіби сұрақтарды шешу мүмкіндігі оларға қатысты болады.

Арнайы пәндер:

Тамақтандыру кәсіпорны өндірісін ұйымдастыру(48 сағат), Азық- түлік тауартануы(92 сағат), Жабдықтау (88 сағат), Кондитер өнімдері технологиясы (212 сағат).

Білім беру ұйымы анықтайтын пәнге колледж бойынша 36 сағат бөлінген. Бизнес негіздері -36 сағат,

Жекеленген пәндер бойынша теориялық және зертханалық практикалық сабақтарда және дене тәрбиесі бойынша және тілдерді оқыту кезінде топтар шағын топтарға бөлінеді. Топта 20 оқушы және одан жоғары болған жағдайда мына пәндер бөлініп оқытылады:

- Орыс тілі және әдебиеті, кәсіптік орыс тілі қазақ топтарында
- Қазақ тілі және әдебиеті, кәсіптік қазақ тілі орыс топтарында
- Ағылшын тілі, кәсіптік ағылшын тілі

Өндірістік оқыту және кәсіптік практиканың ұзақтығы маманның біліктілігіне қарай біліктілік сипаттамасының талаптарына сәйкес анықталады.

Өндірістік оқыту зерханаларда, шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында және базалық кәсіпорындарда өндірістік оқыту шеберінің және өндіріс маманының жетекшілігімен жүзеге асырылады. Практикадан өту кезеңінде дәреже, санат, класс берумен білім алушылардың бір немесе бірнеше тектес біліктіліктерді игеруі көзделеді.

Кеңес берулер оқу әр жылына бір оқу тобы үшін 100 сағатқа дейін қарастырылған. Кеңес берулер өткізу уақыты мен нысанын (топтық, жеке, жазбаша) әдістемелік бірлестік анықтайды.

Факультативтік пәндер оқу жұмыс жоспарында аптасына 4 сағаттан артық болмайтын есеппен қарастырылады және оқыту үшін міндетті болып табылмайды.

Бақылау барлық пәндер бойынша аралық аттестациялау өткізу қарастырылады, оның негізгі нысандары: бақылау жұмысы, сынақ, тестілеу, емтихан болып табылады. Бақылау жұмыстары мен сынақтар осы пәнді оқытуға бөлінген уақыт есебінен өткізіледі, емтихандар – аралық аттестацияға бөлінген мерзімдерде өткізіледі.

Аралық аттестация . Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5 міндетті емтихан , оның төртеуі: **орыс тілі және әдебиеті, қазақ тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика** бойынша 5- ші емтихан даярлау бейініне сәйкес **химия** өткізіледі. Жалпы кәсіби пәндерге жататын «Электротехника теориясының негіздері» пәнінен емтихан өткізіледі.

Қорытынды аттестация студенттердің даярлық деңгейін бағалау үшін білім беретін оқу бағдарламасын игеру аяқталған соң қорытынды аттестация өткізіледі. «Азық- түлік тауартануы», «Жабдықтау» , «Кондитер өнімдері технологиясы» пәндері бойынша емтихан өткізіліп, қорытынды аттестаттауға арнайы пәндерден емтихан тапсырылғаннан кейін біліктілік комиссиясының шешімімен біліктілік беріледі.

